

Дефолт фактілеріне жол бермеу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1997 жылғы 28 шілдегі N 244

Қазақстан Республикасының шетелдік несиешілер алдындағы міндеттемелерін орындау және дефолт фактілеріне жол бермеу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 29 маусымдағы N Ф 22-3/42, 1994 жылғы 24 наурыздағы N Ф 22-3/22, 1994 жылғы 13 мамырдағы N Ф 22-3/31, 1994 жылғы 10 маусымдағы N Ф-22-3/40, 1995 жылғы 8 маусымдағы N Ф 22-3/8 және 1994 жылғы 21 қазандағы N Ф 22-3/46 берілген мемлекеттік кепілдіктеріне сәйкес шетел банктерінің ұсынған шоттары негізінде дәрменсіз зайымшылар үшін қосымшаға орай мерзімі өткен төлемдерді, 1997 жылға арналған республикалық бюджетте "Несиелендіру минус өтеу" бөліміндегі көзделген қаражат шегінде төлемнің датасындағы бағамдық айырма өзгерісін ескере отырып, сондай-ақ есептелген айыппұлдар сомасын төлесін.

2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Экспорт-импорт банкі

алынған қаражатты республикалық бюджетке қайтаруды қамтамасыз ету жөнінде барлық қажетті шараларды қолдансын.

3. Осы өкімнің атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1997 жылғы 28 шілдедегі
N 244 өкіміне
қосымша

Шетел несиелерін өтеу жөніндегі мерзімі өткен төлемдер
СОМАСЫ

Заемшы-ұйым Валюта төлемі Төлем сомасы		
Француз несиелік желісі "Тағам" АҚ		5 869 127, 25

АҚШ несие желісі			
"Тағам" АҚ		АҚШ доллары	2 156 114, 46
Герман несие желісі			
"Азат" концерні		неміс маркасы	524 622, 79
Канада несие желісі			
"Ақтөбемұнай" АҚ		АҚШ доллары	265 935, 71

Барлығы		француз франкі	5 869 127, 25
		АҚШ доллары	2 422 050, 17
		неміс маркасы	524 622, 79

Оның ішінде

негізгі борыш		проценттер		басқасы
---------------	--	------------	--	---------

5 210 488, 89		658 638, 36		-
1 651 268, 82		504 422, 74		422, 90
-		524 622, 79		-
239 285, 71		26 650, 00		-

5 210 488, 89		658 638, 36		-
1 890 554, 53		531 072, 74		422, 90
-		524 622, 79		-
